

Сырдария ауданы бойынша ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілері тізіміне қосу үшін субсидияланатын басым ауыл шаруашылығы дақылдарының әрбір түрі бойынша өтінімді ұсыну мерзімдерін айқындау туралы

Мерзімі біткен

Қызылорда облысы Сырдария ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 16 қыркүйектегі № 297 қаулысы. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 14 қазанда № 5623 болып тіркелді. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты тоқтатылды

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына және "Басым дақылдар өндіруді субсидиялау арқылы өсімдік шаруашылығының шығымдылығын және өнім сапасын арттыруды, жанар-жағармай материалдарының және көктемгі егіс пен егін жинау жұмыстарын жүргізу үшін қажетті басқа да тауарлық-материалдық құндылықтардың құнын және ауыл шаруашылығы дақылдарын қорғалған топырақта өңдеп өсіру шығындарының құнын субсидиялау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 27 ақпандағы № 4-3/177 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы " Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары-Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2016 жылғы 19 шілдедегі № 317 бұйрығына сәйкес Сырдария ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Сырдария ауданы бойынша ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілері тізіміне қосу үшін субсидияланатын басым ауыл шаруашылығы дақылдарының әрбір түрі бойынша өтінімді ұсыну мерзімдері қосымшаға сәйкес айқындалсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Б.Лекеровке жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Ф. Қазантаев

Сырдария ауданы әкімдігінің
2016 жылғы "16" қыркүйектегі
№ 297 қаулысына қосымша

Сырдария ауданы бойынша ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілері тізіміне қосу үшін субсидияланатын басым ауыл шаруашылығы дақылдарының әрбір түрі бойынша өтінімді ұсыну мерзімдері

№ р/с	Субсидияланатын басым ауыл шаруашылығы дақылдарының түрі	Өтінім ұсыну мерзімдері
1.	Күріш	25 тамыздан 01 қарашаға дейін

2.	Мақсары	25 тамыздан 01 қарашаға дейін
3.	Ағымдағы жылғы жоңышқа	25 тамыздан 01 қарашаға дейін
4.	Өткен жылғы жоңышқа	25 тамыздан 01 қарашаға дейін
5.	Картоп	25 тамыздан 01 қарашаға дейін
6.	Көкөніс	25 тамыздан 01 қарашаға дейін
7.	Бақша	25 тамыздан 01 қарашаға дейін

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК